



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

2. Закон Республики Казахстан от 19.06.1995 N 2335 «О государственном предприятии» // Информационная система «Параграф».

3. Законом Республики Казахстан от 1 марта 2011 года № 413-IV «О государственном имуществе» // Информационная система «Параграф».

УДК 347.7

КӘСІПКЕРЛІК ҚҰҚЫҚТЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚОРҒАЛУЫ

Сейілбек Әсет Қайыргелдіұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, заң факультеті, құқықтану
мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекші – Қалтаева А.Т., аға оқытушы

Еліміздің бай тарихына қарасақ тәуелсіздікке қол жеткізгенге дейінгі 70 жылдық кезеңінде ұлттық бостандығымыз құқықтық еркіндігіміз әлсірегендігі көрінеді. Сол кездегі саяси өзгерістерге ұштасып Қазақстан халқы өз жерінде дербестікке қол жеткізді. Бұл біздің жеріміздегі қадір тұтатын ең ұлы мерекеге айналды. Оның қаншалықты маңыздылығын халқымыз түсініп ешқашанда ұмытпауға тырысып жылдан жылға мерейтойын атап келеді. Тәуелсіз ел болып жарияланғаннан кейінгі ең айтулы оқиғалардың бірі болып сірә біртұтас Қазақстан елінің өз Конституциясының жарияланғандығы саналатын шығар. Өйткені халықтың Ата заңы саналтын Конституция дербестіктің, еркіндіктің, әділеттілік пен келісімділіктің нышаны, ол тәртіп пен теңдіктің белгісі, ұлттық бостандығымыздың ең жарқын көрінісі. Конституция болашақ Қазақстанның құқықтық іргетасы, адам және адамзат құқықтарының кепілі болады. Егемендікке Ең жоғары заңдық күші бар Қазақстан Республикасының Конституциясы, Республикадағы қолданылатын және қалыптасып жатқан құқық жүйесінің нормативтік бастауы бола тұра, қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың маңызды жақтарын реттейді. Конституция елдің дамуының негізгі принциптерін көрсетіп сол жолда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2002 жылғы 20 қыркүйектегі Жарлығымен мақұлданған “Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасында” 1995 жылғы Конституцияның негізінде жаңа конституциялық құқық түзілді делінген. Оған дәлел ретінде соңғы уақыттағы Республикамыз қол жеткізіп жатқан жетістіктерді мақтанышпен көрсете аламыз. [1]

Конституциямызда бекітілген нормалар Қазақстан Республикасын гүлдендіру мақсатында еліміздің барлық азаматтарының бірлесіп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып қызмет етулері үшін жағдайлар жасайды.

Бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму жөніндегі Республика қызметінің түбегейлі конституциялық принципін бүгінгі таңда Қазақстан берік ұстанып келеді. Республика Президентінің ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары жайлы Қазақстан халқына Жолдауында, біз экономикалық өрлеу қарқынын еселей келе, еліміздің экономикалық қуатын нығайтып қана қоймаймыз, сонымен қатар әлеуметтік даму міндеттерін шешу үшін барынша кең мүмкіндіктерді ашамыз деп айтылған.

Бүгін біз әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және саяси өмірдегі реформаларды жүргізуде Конституция нормалары мен принциптерінің дұрыстығына көз жеткізіп қана қоймай, олардың идеяларына сәйкес жаңа бағдарламалар қалыптастырудамыз.

ҚР Конституциясы 26-бабының 1-тармағында: «Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар» деп бекітілген. Бұл Ата заңымыздың кәсіпкерлік қызметі еркіндігінің принципін басшылыққа алатынын көрсетеді. Одан әрі бұл принципті ҚР АҚ-де, заңнамалық актілерде таба аламыз. Ол кәсіпкердің мүліктің қолданудың (айналымнан шығарылмаған) кез келген түрлерін пайдалана отырып және т. б. кәсіпкерліктің кез келген саласында, заңмен көзделген кез келген нысанда өз ісін бастауға және жүргізуге құқығын білдіреді. [2]

Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекел етуімен және мүлдікті жауапкершілігімен жүзеге асырылады. Мемлекет кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне кепілдік береді және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз етеді. Кәсіпкерлік қызметті жүргізуде азаматтардың конституциялық құқықтары мемлекеттің кепілдіктерімен қамтамасыздандырылған. Нақтырақ айтқанда, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары соттың қорғалуында болатындығы көрсетіледі. Конституцияның 26-бабының 3-тармағының "соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды", - деген конституциялық нормасы, әркімнің де өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына деген құқығын жүзеге асыруының кепілдігі болып табылады. Республика Конституциясының 6-бабы 2-тармағының "... Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді", - деген нормасының мағынасынан, меншік құқығын қорғау және қамтамасыз ету мақсатында, меншік иелерінің құқықтарын бұзған мемлекеттік органның және лауазымды адамдардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне шағымдану тәртібі заңмен көзделуі мүмкін екендігі келіп туындайды. Одан әрі Конституцияға негізделген нормаларды Азаматтық іс жүргізу кодексінен көре аламыз, оған сәйкес, азамат бұзылған немесе дауланып отырған конституциялық құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге хақылы.

Сонымен қоса Конституцияның 6-бабында көрсетілгеніндей «Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады» нормасынан меншіктің алуан түрлерін танудың, меншік құқықтарына заңдық теңдік пен олардың бірдей қорғалуы оның басты назарға алынып жатқанын көрсетеді. Оған сәйкес заңнамамен кәсіпкерлік қызметін республикалық, коммуналдық немесе жеке меншіктегі мүлік қолданып, жүргізетін субъектілер үшін меншіктің белгілі бір түрлеріне қандай да болмасын артықшылықтар немесе шектеулерді белгілеуге болмайды.[3]

Бәсекелестікті ұстап тұру мен монополизациялауға және жосықсыз бәсекеге бағытталған (Конституцияның 26-б-ы) экономикалық қызметке жол бермеу принципі - нарықтық экономиканы дамытудың және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың қажетті шарты болады. Мұнда ҚР 2001 ж. 19-қаңтардағы «Бәсекелесу және монополистік қызметті шектеу туралы» заңына маңызды рөл беріледі. Себебі қазіргі нарықтық экономикада қандай да болмасын бір саланың экономикалық немесе сапалы түрде дамуына әсер ететін фактор ол – бәсекелестік. Ал ол өз кезегінде кәсіпкерлердің, жоғарыда атап кеткеніміздей, толыққандай мемлекетке немесе басқа да жүйелерге тәуелсіз дамып отыруына байланысты. Яғни экономиканы дамыту үшін, кәсіпкерлердің құқығы мен мүдделері толыққанды мемлекетпен қорғалып, оларға салынатын шектеулерді азайту деген сөз.

Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу принципі. Ең бастысы, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу барысында — кәсіпкерлердің және мемлекеттің жұрт алдындағы және жалпы қоғамның мүдделерінің сақталуына қол жеткізілуі тиіс.

Заңдылық принципі. Ол өте маңызды және оның іске асырылуы — құқықтық мемлекетті құрудың негізі. Біріншіден, кәсіпкерлік қызмет заңнама талаптары қатал сақталған кезде жүзеге асырылуы тиіс. Екіншіден, маңыздырағы, мемлекет құқықтық актілердің заңдылығын мемлекеттік билік және кәсіпкерлікті реттейтін жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін қамтамасыз етуі тиіс.

Заңнамаларда көзделген принциптерінің тиянақты түрде орындалуы мемлекет қойған мақсаттарға жетуде, елімізде тек кәсіпкерлік сала ғана емес сонымен қоса, қоғамдық өмірдегі барлық бағыттардың алға жылжуына үлес қосады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағы, "Қазақстан Республикасы өзін ... әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары." деген сөздері бөлігінде, Қазақстан Республикасы мемлекеттің шынайы мүмкіндіктеріне сәйкес әлеуметтік мемлекет міндетін орындауға ұмтылады дегенді білдіреді. Қазақстанда Конституцияға сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

Дүние жүзілік тәжірибе мен тарихқа қарайтын болсақ, жеке кәсіпкерлік бизнестің халық пен ел экономикасына тигізетін әсері өте жоғары, бүкіл экономикалық дамудың жартысы жеке бизнеске (кәсіпкерлікке) тиесілі деп айтсақ, артық айтқан болмаспыз. Олардан түсіп отыратын салықтар, ренталар, акция мен акциздер тек қана мемлекеттік бюджетке емес, сонымен қатар бүкіл халықтың әлеуметтік тұрмысына пайда әкеледі. Әлеуметтік тұрмысына дегенді қалай түсінуге болады? Ол дегені, жеке бизнес секторлары, халықты толыққанды жұмыспен қамтуды қолына алады, яғни «мемлекет қана жұмыспен қамтиды» деген стереотип жоғалуы керек. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттің көптеп қолдауының басты себептері де осы. Бұл сектордың дамуына мемлекет мүдделі. Олардың Конституциялық тұрғыдан қорғалуы мемлекеттің бірден бір міндеті. Кәсіпкерлердің де, өз кезегінде, жеке мүдделері ортақ бір принциптерге айнала бастайды. Сондай - ақ жаңа бастамаларға мемлекет экономикалық тұрғыдан көмектесуі, яғни субсидиялар салуы өте маңызды. Ондай игі бастамаларды елімізде жасалып жатқан жоқ емес, жасалып жатыр. Төмен пайыздық несиелер мен субсидиялардың өте көп бөлініп жатқаны да рас. Бұл дегені мемлекеттің жеке кәсіпкерлікті 100 пайыз қолдайтындығының белгісі.

Бүгінгі таңда, мемлекет басшысының жарлықтарында кәсіпкерлік қызметте мемлекеттік кепілдіктерді қолдау мен қорғауды қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың лауазым иелерінің жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қызметіне негізсіз араласу фактілерін болғызбау мақсаты көзделген.[4]

Қазақстан Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сарабал конституциялық саясаты, Конституцияның әлеуеті мейлінше жүзеге асырылуын қамтамасыз ету туралы қатаң талабы арқасында өмірдің барлық салаларында айтарлықтай табысқа жетті. Конституцияда айқындалған мақсаттардан туындайтын бағдарламалық-стратегиялық құжаттарға, Республика Президентінің жолдаулары мен сөйлеген сөздеріндегі қағидаларға сәйкес конституциялық материяның мазмұны іске асырылды «Қазақстан -2050» Стратегиясы қоғамдық келісімді нығайту және сақтау мәселелеріне ерекше орын береді. Көпұлтты қоғам жетістігінің түп қазығы ретінде барлық азаматтардың теңқұқылығы мен олардың Отанымыздың гүлденуі үшін жалпы жауапкершілігі болып табылатын жаңа қазақстандық бағытболып жарияланды.

Конституцияның осы айтылған ережелеріне сәйкес республикамызда экономикалық, меншіктік құқықтарға нұқсан келген жағдайда, оларды қалпына келтіру сипатты құқықтық саясат жүргізіліп келеді. Әрине бұл саясат Ата Заңымыздың мемлекетіміздің әлеуметтік мемлекет ретінде орнығатыны туралы нормалармен тікелей байланысты.

Қолданылған әдебиеттер

1. ҚР Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз
2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қаулысы 2001 жылғы 21 желтоқсан N 18/2
3. Сайт Конституционного Совета РК <http://ksrk.gov.kz/rus> Қазақстан Республикасы Конституциясы 26-бабының 3-тармағына және 76-бабының 2-тармағына ресми түсіндірме
4. Республика Конституциясы – Қазақстан халқының бүгіні мен болашағының айнасы. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Төрағасының кеңесшісі М. Кемалов, Кеңес Аппараты құқықтық бөлімінің консультанты Б. Нұрмұханов, 21 тамыз 2003

11.8 Жилищное и семейное право

УДК 342.4(574)

**АТА-АНА ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫН
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ**